

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Өндірістік кеңес
Хаттама № 1**

04.09.2023 жыл

Қатысқандар бөбекжай-
балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде

Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы
Бақшаның санитарлық- гигиеналық жай күйі
Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова мектепке дейінгі ұйымда 5- күндік жұмыс аптасы, екі күн демалыспен бекітілген. МДҰ қызметкерлері кәсіподақ комитетінің келісімімен мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі бекіткен жұмыс кестесіне лауазымдық міндеттері мен ішкі тәртіп ережесіне сай жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың 01-ші қыркүйегінен бастап мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері балаларды қабылдауға 15 минут қалғанда жұмыс орнында болуға міндетті және ауысым аяқталғаннан кейін 15 минуттан соң қайтады.


Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Г.Бисенбекова балабақшаның санитарлық- гигиеналық жай күйі жөніндегі нұсқаулықпен таныстырды. Нұсқаулықта балалардың денсаулығы үнемі бақылауда және төтенше жағдайда персоналдың іс-әрекеті туралы айтылды. Көптеген ата-аналар мектепке дейінгі ұйымдардың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетіндігіне қызығушылық танытады. Балабақшаларға қандай талаптар қойылады? Мектепке дейінгі ұйымдар бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша бақша шарушылық меңгерушісі П.Жанысбаева топтардың және ойын алаңдарының жөнделгендігі жөнінде есеп берді. Барлық топтың алаңдары жөнделді. Бояу, сырлау жұмыстары толығымен аяқталды деп есебін берді.

Қаулы етеді:

Жұмыстар жақсы атқарылған, дегенмен таза ұстап қадағалауды медбикеге тапсырамын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Өндірістік кеңес
Хаттама № 2**

06.11.2023 жыл

Қатысқандар бақша ұжымы

Күн тәртібінде

Тәжірибелік сабақ. Өртті болдырмау ережелері
Мерекелерге дайындық және өткізу бойынша консультация
Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова сөз алды. Балабақшада өртті болдырмаудың алдын алу мақсатында барлық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі бойынша таныстырды. Жұмыс барысында қызметкерлер қауіпсіздік ережелерін сақтап, әр қашан сақ болуларын түсіндірді.


Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Султанбекова бақшада жаңа жыл мерекесін өткізуде өрт қауіпсіздігінен сақтық шаралары жайлы айтып өтті. 20 желтоқсанның бастап, акт залында өрт қауіпсіздік шараларын сақтай отырып электр токқа жалғанған шамдар мен шырша орнатылатынын айтты. Сол себепті әр топ тәрбиешілері ата-аналарға жиналыс өткізіп қауіпсіздік ережесін ескертуі шарт. Жазатайым оқиғалар болдырмау үшін бұл өте қажет, ата-аналарға қосымша жадынамалар ұялы телефон арқылы жіберілсін.

Күн тәртібінде: Үшінші мәселе бойынша балабақша дәмбикесі Қ.Ақылбекова мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс екенін және бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәмді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз. Балалар тамақтану алдында міндетті түрде қолдарын сұйық сабынмен жуу керектігін, тазалыққа да дұрыс қарауымыз керек деп сөзін қорытындылады.

Қаулы етеді:

Бақшада өтілетін әрбір іс-шарада қауіпсіздік ережесі қатаң сақталып, мерекелер жақсы дайындықпен өткізілсін.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева

**Түркістан облысының білім басқармасының
Шардара ауданының білім бөлімінің
«Әсел» бөбекжай - бақшасы МКҚК
Өндірістік кеңес**

Хаттама №3

20.03.2024 жыл

Қатысқандар
бақша қызметкерлері

Күн тәртібі

Көктем мезгілінде болатын ауруларды алдын алу
Көктем мезгілінде сауықтыру кезінде бала денсаулығын нығайту.

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша бақша медбикесі Г.Бисенбекова көктем мезгілінің жұмыс жоспарына сәйкес «Жұкпалы ауруларға қарсы» кеңестерін бақша қызметкерлеріне таныстырып өтті. «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын-ала тексеріп шығуы керек. Көктем мезгілінде жұкпалы вирустардың көбейетінін айтты. Бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова қызметкерлер медбикенің айтқан нұсқаулықтарын қатаң орындалуын талап етті.

Күн тәртібінде: Екінші мәселе бойынша бақша меңгерушісі Г.У.Жанабилова көктем мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру шаралары туралы тәрбиешілерге медбике мен әдіскер өз жұмыс жоспарларын таныстырсын. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларымен жоспарымен кіші қызметкерлерді де таныстырсын. Бекітілген іс-шара жоспары бойынша «Көктемгі гүлдер» мерекесі және «Спорт күні» мерекесі, басқа спорттық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Қаулы етеді:

Жаз мезгілінде болатын аурулардың сақтық шаралары қолға алынсын.

Меңгеруші:

Хатшы:



Г.У.Жанабилова

М.Нурбаева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әсел» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
Өндірістік кеңес**

Хаттама № 4

10.05.2023 жыл

Қатысқандар бөбекжай
балабақша қызметкерлері

Күн тәртібінде

Көктем мезгілінде болатын ауруларды алдын алу
Көктем мезгілінде сауықтыру кезінде бала денсаулығын нығайту

Күн тәртібінде: Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі
Г.Бисенбекова

жазғы сауықтыру шаралары туралы өз жұмыс жоспарларымен таныстырып
өтті. «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы»
ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу
жоспарларымен таныстырды.


Сонымен қатар, серуенге шығарарда балалардың әрбір ойын алаңын алдын-
ала тексеріп шығуын тәрбиешілерге ескертті. Көктем мезгілінде жұқпалы
вирустардың көбейетінін айта келе балабақша басшысы Г.У.Жанабилова
қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті. Балабақша
медбикесі Г.Бисенбековаға жазғы сауықтыру бойынша қадағалауды қатаң
тапсыратынын жеткізді.

Күн тәртібінде: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі
Г.У.Жанабиловаға жаз мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы
тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарларымен таныстырып,
жоспарға сай жұмыс жүргізетінін жеткізді. Жазғы сауықтыру, шынықтыру
шаралары жоспарымен кіші қызметкерлерді де таныстырды. Бекітілген іс-
шара жоспары бойынша әрбір мереке өз деңгейінде үлкен дайындықпен
аталып өткізілсін.

Қаулы етеді:

Жаз мезгілінде болатын аурулардың сақтық шаралары қолға алынсын.

Меңгеруші:



Г.У.Жанабилова

Хатшы:



М.Нурбаева